



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

УДК 711.7

## БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН «МӘҢГІЛІК ЕЛ»

Койтбаева Зоя Абдигаппаровна  
директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, көркем еңбек пәні мұғалімі  
zoya.ka.76@mail.ru

Айткужиева Рысгуль Азаматовна  
директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, ағылшын тілі пәні мұғалімі  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №10 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қостанай қ., Қазақстан

### Аңдатпа

Өзектілігі және мақсаты: Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында өскелең ұрпақтың рухани жан дүниесінің тоқырауға ұшырап бара жатқандығын айтып, көпшілік қауым үлкен мәселе көтеріп жатыр. Осындай келеңсіздіктің алдын алу, тек білім мен тәрбие алу жолында ғана техниканың көмегіне жүгіну, бала тәрбиесі мен денсаулығына едәуір қолайсыздық тудыратын тұстарын ескеру бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылу керектігі сезіледі. Бұл бағыттағы жұмыстардың негізгі мақсаты – «Мәңгілік ел» – патриоттық актісіндегі Мәңгілік елдің Мызғымас жеті тұғырын білім мен тәрбие беру үрдісінде кең насихаттау, халқымыздың өміршең тәжірибесіне толы бай мұрасын, ұлттық құндылықтарын шәкірт бойына сіңіру болып табылады. Бұл мақалада жалпы білім беру мекемелерінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асырудың тиімді жолдары қарастырылып, жас ұрпақтың бойына басты құндылықтарды сіңірудің маңыздылығы ашып көрсетіледі.

**Түйінді сөздер:** «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру», тәуелсіздік, тәрбие, құндылық.

### Аннотация

*Актуальность и цель: В современных условиях интенсивного развития науки и техники проблемы духовно-нравственного воспитания подрастающего поколения приобретают чрезвычайную значимость. В данных условиях становится очевидной необходимость эффективной работы в целях предупреждения духовного кризиса нашего общества, необходимость усиления внимания к вопросам образования, воспитания и здоровьесбережения подрастающего поколения.*

*Основная цель работы в этом направлении – укреплять, хранить и передавать от поколения к поколению Семь незыблемых основ Мәңгілік ел, формировать у подрастающего поколения целостную и многогранную картину мира и человека в нем, включая представления о национальных и общечеловеческих ценностях, воспитывать чувство гражданственности и ответственности за все происходящее.*

*В данной статье рассмотрены эффективные пути реализации национально-патриотической идеи и Патриотического акта «Мәңгілік Ел» в общеобразовательных учреждениях, раскрыта важность привития основных национальных ценностей подрастающему поколению, содействия формированию национальной культуры, приобщения к богатому наследию предков.*

**Ключевые слова:** «Мәңгілік ел», «духовное обновление», независимость, воспитание, ценность.

### Abstract

*Relevance Goal: At the time of the rapid development of modern science and technology, the spiritual world of the younger generation is stagnating, and many people raise a big problem. It is felt that effective work should be done to prevent such a problem, to resort to the help of technology only on the way to education and upbringing, to take into account aspects that cause significant discomfort to the upbringing and health of children. The main purpose of the work in this direction is to popularize the seven unshakable foundations of the patriotic act "Mangilik El" in the process of education and upbringing, to instill in students the rich heritage and national values of our people, full of vital experience. This article examines effective ways to implement the national patriotic idea and the Patriotic Act "Mangilik El" in general education institutions, and also reveals the importance of instilling basic values to the younger generation.*

**Key words:** "Mangilik El", «spiritual renewal», independence, upbringing, value



Жалпы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру болып табылады. [1]

Тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып, мектебімізде тәрбие жұмыстары жүргізіледі. [2]

Біз ұстаздар, ой елегінен өткізіп, ақыл таразысына салып ел келешегі үшін дұрыс шешім, түзу жол таңдауда қателеспейміз керек. Ұрпағымызға әлем терезесімен теңестіретей білімді ұлттық құндылықтармен тиімді ұштастыра отырып берер болсақ, Отаны, халқы үшін барын аянбайтын өз елінің патриоты өсіп жетілетіні белгілі. Осы орайда білім беру саласының қызметкерлері ретінде «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының жалпы білім беру мекемелерінде жүзеге асырылу жолдарын қарастырып жүрміз.

Мұғалім оқу-тәрбие процесінің белсенді субъектісі болып табылады. Өскелең ұрпақтың келешегі мұғалімдер қолында болғандықтан өмір бойы үйрену ұстанымын қолдаймыз. Қазіргі оқу-тәрбие процесінде мұғалімнің іс-әрекетін қажеттілікке орай өзгерту қажет. Себебі қазіргі бейбітшілік заманда өмір сүріп жатқан жас өрендеріміздің кейбірі осындай кемелденген елдігіміздің тарихын, еркіндіктің, тоқшылықтың, рухани тоқшылықтың, мәдени мұрамыздың қадір-қасиетін түсіне бермейді. Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында өскелең ұрпақтың рухани жан дүниесінің тоқырауға ұшырап бара жатқандығын айтып, көпшілік қауым үлкен мәселе көтеріп жатыр. Осындай келеңсіздіктің алдын алу, тек білім мен тәрбие алу жолында ғана техниканың көмегіне жүгіну, бала тәрбиесі мен денсаулығына едәуір қолайсыздық тудыратын тұстарын ескеру бағытында нәтижелі жұмыстар атқарылу керектігі сезіледі. Бұл бағыттағы жұмыстардың негізгі мақсаты – «Мәңгілік ел» – патриоттық актісіндегі Мәңгілік елдің Мызғымас жеті тұғырын білім мен тәрбие беру үрдісінде кең насихаттау, халқымыздың өміршең тәжірибесіне толы бай мұрасын, ұлттық құндылықтарын шәкірт бойына сіңіру болып табылады.[3] Қазақ жерін мекендеген арғы тегіміз, ата-бабаларымыз ұрпақтарының ертеңінің жарқын болуы үшін өзімізге тиесілі жерді қиын-қыстау кезеңдерде мойымай тығырықтан шығар жол тауып, асқан ерлікпен, батылдықпен және бірлікпен қорғап қалды. Тәуелсіз ел болу жолында қаншама қиындық пен ауыртпалықтарды бастан кешкен халық екенімізді тарихтың «алтын жалатқан» беттерінен білуге болады. Кіндік қанымыз тамған туған жерімізбен бірге ешбір теңдессіз қасиетті ұлттық құндылықтарымызды да мұраға қалдырған текті бабаларымыздың кең пейілділігінен айналып кетпеймісің!

Ұлттық құндылығымызды ұмытпай ұрпақтан-ұрпаққа аманат етіп тапсыру – баршамыздың міндетіміз. Осы орайда Ұлы Дала елі мұратын мәңгілік ету жолында жалпы білім беретін мектептердің де жұмыстары оңтайлы, нәтижелі болуы керектігін тілге тиек етеміз. Мектеп – білім берумен қатар, тағылымды тәлім – тәрбие түрлерін ұйымдастыратын өнеге ордасы. Сәби ең алдымен жерге шыр етіп түскен кезден бастап мектеп табалдырығын аттағанға дейін отбасыдан алған тәрбиесін мектепте мұғалімдер мен тәрбиешілердің ата-аналардың қолдауымен әрі қарай сабақтайды. Қазіргі таңда ұлттық болмыс пен халықтық ұғымдарды шәкірт бойына дарытуда отбасы мен ұстаздар қауымының тәлім-тәрбиелік шараларына қойылар талап жоғарылады. Ұлттық болмыс пен халықтық ұғымдар дегеніміз қазақ халқының ұрпағына қалдырған бай мұрасы – тұнған ғибрат өнеге, ұрпақ жалғастығын байланыстырып тұрған халықтың өміршең тәжірибесі. Сондықтан оқушыларға білім берудегі инновациялық технологияларды халықтық педагогика элементтерімен ұштастыра отырып тиімді қолданса кейінгі ұрпақтың бойына патриоттық сезім орнатып, ұлттық құндылықтарымызды сіңіру жолындағы ұлттық идеяларымыз бен мақсат-міндеттерімізді орындауға көмегін тигізеді деген ойдамыз. Оқушыларға білім және тәрбие беру үрдісінде дәстүрлі емес сабақ түрлерін, оқушылардың ойлау логикасын арттыратын инновациялық технологияларды қолдану, сонымен қатар Мәңгілік елдің Мызғымас жеті тұғырын білім алушыларға насихаттау мақсатында ұлттық педагогика элементтерін тиімді қолдану арқылы халық қолөнерін насихаттап, жас ұрпақты ұлттық тәрбие негізінде оқытып, тәрбиелеуде қай пәннің болса да мүмкіншілігі зор. Осы орайда мектеп мұғалімдерінің оқу үрдісінде, сыныптан тыс әрекеттерінде халықтық педагогиканы қолдану дәрежесін үнемі бақылай отырып, ұдайы ұсыныстар білдіріп, ойымызды ашық айтуға тырысамыз. Ұстаздарымыз да «сын түзелмей, мін түзелмейді» дегендей, білдірілген ұсыныстарды оң қабылдап, сабақ кезеңдерін ұлттық тәрбиемен ұштастыра отырып қолданады. Биология пәні мұғалімінің тамақты өрмек тоқылуындағы арқауға теңеуі, математика пәні мұғалімінің қазақы өлшемдерді сабағына кіріктіруі, дене шынықтыру мұғалімдерінің ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үрдісінде қолдануы, музыка пәні мұғалімінің «Қара жорға» биін оқушыларды сергіту мақсатында сабағына енгізуі, оқу-тәрбие бойынша мектепшілік түрлі іс-шараларды барынша ұлттық педагогикамен байланыстыра ұйымдастырылуы – жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беруді ұлттық құндылықтарымыз арқылы жүзеге асыру мәселесі дұрыс жолға қойылғандығының айғағы.

Қазақстан халқы өз алдына дербес мемлекет болғалы 30 жылдан асқан уақыт ішінде, соның ішінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көптеген қиындықтарға кездесті. Осы жылдардан бері Қазақстан халқының аспанында туы, төрінде елтаңбасы, көңілінде әнұраны бірге жасасып келеді. «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» деген атам қазақ, бәрі оңалады, көш жүре түзеледі, барлық қиындық артта қалады,» – деп үлкен кісілер айтып отырушы еді.

Қазіргі таңда барлық қиындықтар артта қалып, енді әлем елдерімен терезесі теңесіп, дамыған мемлекеттер қатарынан орын алуға бет алды. Әр жылы ел Президенті халқына жолдау арнап, еліміздің көркеюіне қосылған үлестер туралы мәлімет беріп және экономикамыздың өсуіне байланысты жоспарларымен таныстырып отырады. Жолдауда аталған мәселелерге байланысты түрлі бағдарламалар мен жоспарлар құрылып, халқымыздың, еліміздің игілігіне қаншама жұмыстар атқарылып жатыр. Қазіргі таңда бірлік, береке сыйған ортақ үйіміз шаңырағы астында елімізде тұратын барлық халықтар бейбітшілікте және өзара келісімде өмір сүруде. Тәуелсіздік жылдарында қолымыз жеткен жетістіктеріміз де баршылық.

Тіліміз, дініміз, рухани дәстүр –әдет-ғұрыптарымыз, мәдени мұра – ұлттық өнеріміз, ежелден халықпен бірге біте қайнасып келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбие мектебін әрбір қазақ баласы ұлттық құндылықтарымыз ретінде қабылдайды. Бүгінгі күнге дейін біздің осынау дархан жерімізге көз тігіп, тұтқиылдан шабуылдаған жауларымызға қарсы төтеп беріп, қасық қаны қалғанша қорғап қалған еліміздің тәуелсіздігінің мәңгілік болуы үшін бір ел, бір халық болып атсалысуымыз керек. Енді алдағы мақсат – әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру. Бұл мақсатқа жету үшін барша қазақстандықтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірлесіп жұмыс атқару керек.

Осы орайда мектебімізде «Ұлттық мұра» жобасын енгіздік. «Ұлттық мұра» жобасына аптасына бір күнді, яғни жұма күнін таңдап алдық. «Ұлттық мұра» күнінің мақсаты: ата-бабаларымыздың аманаты, асыл мұрамыз-ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып алмау, ұлттық құндылықтарымызды сақтау, оны болашақ ұрпаққа кірлетпей, кемшіліксіз жеткізу.

Міндеттері:

1. Мемлекеттік тілімізді дәріптеу;
2. Ұлттық салт-дәстүрлерімізді жаңғырту;
3. Ұлттық ойындарымызды ұлықтау.

Мерзімі: әр жұма сайын.

Қойылатын талаптар:

1. Әр жұма күні «Мәңгілік елдің» мызғымас жеті тұғырын дәріптеу, сондай-ақ тек «Қазақша сөйлесейік» ұстанымын қолдану, ұстану.

2. Ұлттық киім элементін қолдану (қысқа қамзол, тақия, оюлы диадема және т.б.)

3. Ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлер туралы ақпараттармен танысу, іс-шаралар өткізу. Осы жоба аясында мектеп оқушылары еліміздің болашағы үшін «не істейміз, не істеп жатырмыз?» деген сияқты сұрақтарға жауап іздеп, түрлі пікірталас, дөңгелек үстелдерде бас қосып, өз ойларын ортаға салады. Қазіргі мектеп оқушысы жан-жақты, бәсекеге қабілетті болу үшін ең бастысы сабақты жақсы оқып, үлгілі болуға тырысу керек. Оқушылардың бойына отансүйгіштік, адалдық, парасаттылық, мейірімділік секілді жақсы қасиеттерді бойларына сіңіру және қарым-қатынас мәдениетін, ақпараттық мәдениетті, зерттей білу дағдыларын, іс-әрекет жасай білу, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеттерін дамыту мақсатында мектеп мұғалімдері қыруар жұмыс атқаруда. Түрлі формада түрлендіріп қызықты іс-шаралар ұйымдастырады. Аталмыш іс-шаралар арқылы оқушылар өз ойларын саралап, ашық білдіре отырып, пікірталасқа түседі, білмегендерін үйренеді.

«Мәңгілік Ел, бұл -Тарихтың, Мәдениет пен Тілдің ортақтығы. Біз ортақ тарихи мұрамызды мұқият сақтайтын боламыз. Біз Қазақстан халқының мәдени әралуандығын арттыра түсеміз. Біз мемлекеттік тілді қоғамды біріктірудің негізі, үштілділікті Елдің бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты ретінде дамыту қағидатын ұстанатын боламыз». Бұл қазіргі таңдағы шешуін күттірмейтін өзекті мәселе. Мектебімізде оқушылар мемлекеттік тіл – қазақ тілінде оқытылады. Тіл мәселесіне келгенде қынжылтатын сәттер аз емес. Күрмеуі шешілмеген бұл сұраққа жауап іздеп көрдік. Жоғарыда атап өткендей, бала тәрбие, тіл, дін, салт-дәстүрлерді сәби шағында отбасыдан алады. Ал ата-аналардың басым бөлігі баламен үйде орыс тілінде сөйлеседі. Бала мектепте қазақ тілінде білім алады. Бұл оқушылардың қабылдау түйсіктерінің алуан түрлілігіне байланысты әсер етеді. Кейбір балалар екі тілді де қатар меңгеріп, тиісті білім алуына айтарлықтай қиындық туындамаса, кейбірі не орыс тілінде, не қазақ тілінде сабақты толық ұғына алмай, сабақ материалдарын толық меңгере алмайды. Сондықтан сынып жетекшілері ата-аналармен кері байланыс орнатып, ана тілінің құндылығы жөнінде және үштілділіктің қоғамдық қажеттілігі жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізді. Қазіргі ұлттық идеяға байланысты «ҚР халықтарының тілдері күніне» арналған «Тіл мәселесі – ақын көзқарасымен» кездесу болып өтті және оқушылардың тәлім сәтінде қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өлең шумақтары оқылды. Ал, бастауыш сынып оқушылары өздері білетін өлең шумақтары мен мақал-мәтелдерін жарыса айтып, көпшілік ортаға салды. 5, 6-сынып оқушылары арасында «Тіл білгірі» тақырыбында

зияткерлік ойыны өткізілді. Мұнда көп ұлтты еліміздегі әрбір халықтың өз тілін, мәдениетін және дәстүрін дамыту жолындағы құқықтарын белгілейтін «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заңымен» таныстырылып, мемлекеттік тіл – қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру, елін, жерін, өз тілін құрметтеуге тәрбиелеу мақсаты көзделді. Мұндай жұмыстар арқылы тарихы мен мәдениеті біте қайнасып кеткен қазақстандықтардың тілінің де біріктіруші, дамыған елдердің қатарынан көрінуге септігін тигізетін ортақтығын, біртұтастығын сақтап қалу міндеттері орындалады.

Сондай-ақ «100 кітап», «Оқуға құштар мектеп», «Жанұямен оқыту» инновациялық жобасы аясында іс-шаралар оқушылар мен ата-аналар арасында қарқынды түрде жүргізілді. Мектеп кітапханаларын компьютерлік техникамен және электронды бағдарламалармен қамтамасыз ету арқылы модернизацияланған. Былтырғы оқу жылының екінші жартысында «Оқуға құштар мектеп» жобасының жоспарына ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин шығармалары енгізіліп, көпшілікке таныстырылды. Ал биыл А.Байтұрсыновтың шығармалары кеңінен насихатталды. Мектепте «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы және басты құндылықтарының оқу пәндерінде жүзеге асырылу жағдайы да үнемі бақыланады. Мысалы, 3 сыныптарда әдебиеттік оқу пәніндегі «Мақтанышым – Астанам» тақырыбындағы сабақта «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы және басты құндылықтарының орындалуына және «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуына байланыстырып тәрбиелік мәнін ашуға тырысты. 4 сыныптардағы әдебиеттік оқу сабақтарында да топтық, жұптық жұмыстар арқылы үлестірмелі кеспе, шығармашылық тапсырмалар бере отырып, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы және патриоттық Актісі мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқан жұмыстар таныстырылды және осы сабақтарда оқушылардың бойында еліне, кіші Отанына, отбасына деген сүйіспеншіліктері оянып, өз ұлтының тарихы мен мәдениеті сияқты құндылықтарды бойларына сіңірді.

Соңғы жылдары елдегі туындаған жағдайға байланысты өзгерістерді, қазіргі заманғы сын-тегеуріндерді ескере отырып, мектепте тәрбиелік іс-шаралар жаңа форматта қашықтықтан ұйымдастырылды. Қашықтықтан өткізілген барлық іс-шараларға қатысуда мектеп оқушылары, ата-аналар мен ұстаздар белсенділік танытты. Пандемияға байланысты қашықтықтан өткізілген спорттық іс-шараларға да оқушылардың қатысу деңгейі жақсы болды. Оқушыларымыз қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі сурет, қолөнер, өнер, эссе, шығарма байқауларына, сондай-ақ домбыра, ән, би байқауларына өздерінің үздік жұмыстарын ұсынып, Бас жүлде, 1, 2, 3 орын жүлдегерлері атанып, мектебіміздің шоқтығын биіктетті.

Сонымен, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын мектепте жүзеге асыру үшін жалпы ұжым болып сабақ және сабақтан тыс кезеңдерде де оқушылар санасына сіңетіндей етіп тиімді қолданудың оң нәтиже беретіндігіне көзіміз жетті. Ең алдымен тәрбие жұмысын жүйелі жоспарлап, Мәңгілік елдің Мызғымас жеті тұғырындағы ұлттық құндылықтарымыздың мән-мағынасын оқушыларға ұқтырудың маңыздылығы анықталды. «Мәңгілік тіл» – қазақ тілінің мәртебесін көтеру, экономика мен инновацияны дамыту мақсатындағы «үш тұғырлы» тіл саясатын тиімді жүргізудің оқушыларға Қазақстан халықтарының тарихы, мәдениеті, тілінің байланыстылығы мен әлемдегі дамыған мемлекеттердің қатарынан орын алудағы ролі ашып көрсетілді. Келешек тізгінін ұстар өрендерімізге тағылымды тәрбие берер ата – аналарымызды да заманауи жаңалықтармен, серпінді жобалармен таныстыра отырып, мектептің қоғамдық жұмыстарына тартудың ата-ана мен мектеп бірлігін нығайтып, оқушыларға рухани тәрбие берудегі ұстаздардың жұмысына оңтайлы әсерін тигізетіні анықталды.

Елімізде әлемдік ғылыми – білім беру кеңістігіне енуге жол ашылды. Еліміздің педагогтерінің біліктілігін арттыру жүйесінде де едәуір өзгерістер енді.[4] Жоғарыда айтылғандай, Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының I-II-III деңгейлік курсынан өткен мектебіміздің мұғалімдері оқу мазмұнын жаңарту мақсатында жаңа сапалы білім беру деңгейін өз тәжірибелерінде қолданып, зерттеп келеді. Мұндай өзгерістерді оң қабылдап жатқан оқушыларымыз үшін ескі жүйе бойынша өтілетін дәстүрлі сабақтар қажеттіліктерін толық қамтымай отырғандығы айтпаса да түсінікті. Сондықтан мектеп ұстаздары жаңашыл әріптестердің тәжірибесін негізге ала отырып, толықтай көшірмей, өз пәндеріне икемдеп, тың идеялардан туындаған жаңалықтарды сабақ барысында тиімді қолданады. Бұл ұстаздар үшін біріншіден, ғылым жаңалығын түрлендіруде қосқан үлестері болса, екіншіден, өзіндік іс-әрекеттері арқылы айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізудің бірден бір жолы болып табылады. Жоғарыда атап өткендей, қазіргі оқу-тәрбие процесінде мұғалімнің іс-әрекеті үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Себебі жаңа технологиялар дамып жетілуде. Соның ішінде цифрлық білім беру ортасында педагогикалық қызмет те айтарлықтай өзгерді. Педагогтер қашықтықтан оқытуға көшкенде жаңа білім беру платформаларында қашықтықтан оқыту технологияларын меңгерді, оқыту тәсілдерін игеріп, бейімделгендіктерін көрсетті. Қашықтықтан оқытудың кемшіліктері де кездесті: техникалық ақаулардың болуы, ғаламтордың жылдамдығының төмендігі. Оқушының академиялық адалдығын көтеру жолдарын жетілдіру бойынша түсінік жұмыстары жүргізілді және ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жетілдірілді. Сонымен қатар цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану бойынша тәжірибе алмасу семинарлары көптеп өткізілуде.

Жоғарыда аталған өзгерістердің барлығы оқу-тәрбие жүйесінде кері әсерін тигізбеуі қажет. Сондықтан кез-келген инновациялық технологияларды, цифрлық технологияларды қолданғанда ұлттық идеяларымыз бен мақсат-міндеттерімізді көздейтін халықтық педагогикамен ұштастыруды естен шығармаған жөн.

Қорыта келе, бәсекелестікке төтеп бере алатын, ой-өрісі жоғары дамыған, білімді, зерделі, жан-жақты парасатты, мәдениетті, ғылыми-ізденіс қабілеттері қалыптасқан ХХІ ғасыр азаматын тәрбиелеу – біліктілікті үздіксіз жүйелі арттыру барысында педагог қызметін жетілдіре отырып, әр түрлі озық жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануда ұлттық құндылықтарымызды ескеріп, мазмұнды да мәнді өткізген сабақтарымызға, сыныптан тыс іс-шараларымызға байланысты екендігін атап өткіміз келеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. ҚР Тұңғыш Президенті Н. Назарбаев. – Астана. – 2017. – 12 сәуір.
2. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы.
3. «Мәңгілік Ел». Патриоттық актісі. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» атты XXIV сессиясында сөйлеген сөзі. – Астана қ., 2016. - 26 сәуір.
4. Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы. - Алматы, 2014, №6, 8,9 б.

**ӘОЖ 711.7**

### **БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

Конарбаева Бактыгул Кыстауовна  
konarbayeva85@mail.ru  
Конарбаев Нурбол Сакенович  
арнайы пәндер оқытушылары  
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының  
«Қостанай құрылыс колледжі» КҚМК  
Қостанай қ, Қазақстан

#### **Аңдатпа**

*Мақалада заманауи оқыту әдістерін, білім сапасын арттыру қарастырылады. Мұғалім мен оқушылар арасындағы тиімді коммуникация білім беруде сапалы нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететін фактор ретінде негізделеді.*

**Түйінді сөздер:** білім сапасы, оқушылар, шығармашылық, мұғалім, технология, әдіс-тәсіл.

#### **Аннотация**

*В статье рассматриваются современные методы обучения и повышения качества образования. Обосновывается эффективная коммуникация между педагогом с студентам как фактор, способствующий достижению качественных результатов в образовании.*

**Ключевые слова:** качество образования, студенты, творчество, учитель, технология, метод.

#### **Abstract**

*The article deals with modern methods of teaching and improving the quality of education. Substantiates effective communication between the teacher and students as a factor contributing to the achievement of quality results in education*

**Key words:** quality of education, students, creativity, teacher, technology, method.

Сапалы білім беру дегеніміз – ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және баланың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады. Қазірге кезде білім берудегі басты мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ойы – талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Ертеңгі бәсекеге қабілетті тұлға – бүгінгі болашақ маманның студенттері. Олар – еліміздің ертеңі, дамыған елдермен иық тіресіп, тереземізді тең ұстап, әлемдік бәсекеде үкілі үмітімізді ақтайтын ұрпақ. Сол ұрпаққа сапалы білім беру – әрбір ұстаздың парызы. Ал, білім беру жүйесі – қай